

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Инженерия факультеті
Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің

№ 2 хаттама

Кентау қаласы

16.10.2025 ж.

Қатысқандар: факультет деканы Нажи Генч, факультеттің Оқу-әдістемелік комитет төрағасы, доцент Г.Ж.Ниязова, Оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Ж.С.Калимбетова, Ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары А.Ағабекова, кафедра меңгерушілері: техн.ғ.к., доцент З.Қ.Абдикулова, PhD, аға оқытушы А.Н.Аманов, кафедралардың оқу-әдістемелік жұмыстарына жауапты оқытушылар: Меирбекова О.Д., Баялы Ә.Т.

Күн тәртібі:

1. Қысқы сессия емтихан сұрақтары мен тапсырмаларын талқылау, бекіту
2. Түлектерді қорытынды аттестаттауға қойылатын жалпы талаптарды тұжырымдау
3. 2025-2026 оқу жылында ҚР БҒМ Реестріне тіркелген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының іске асырылуына талдау жасау
4. «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2025» байқауына қатысатын үміткерлер тізімін анықтау.
5. Ғылыми іргелі және қолданбалы жобаларды, коммерцияландыру жөніндегі жобаларды, жоғары білім беру саласындағы инновациялық және стартап жобаларды әзірлеу және сүйемелдеу
6. Нормативтік құқықтық актілерді, оның ішінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу.
7. Әр түрлі мәселелер

Бірінші мәселе бойынша сөз алған факультет деканы Нажи Генч мырза Қысқы сессия емтихан сұрақтары мен тапсырмаларын талқылау, бекіту қажеттігін атап өтті және сөз кезегін Оқу әдістемелік кеңес төрайымы Ниязоваға ұсынды.

Сөз кезегін алған Ниязова: 2025-2026 оқу жылының I-жартысында факультетке қарасты кафедралар бойынша қысқы сессияда емтихан тапсырылатынын, емтихан түрлері жазбаша, тест ЭЕМ, жоба қорғау, болатынын айтты. Емтихан сұрақтарын, пәндер бойынша ұсынылатын емтихан жоба тақырыптарын, оларды бағалау критерийлерін әзірлеу және бекітуге ұсыну қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар, емтихан жобасын орындау бойынша білім алушыларды әдістемелік нұсқаулықпен қамтамасыз ету және тұрақты кеңестер беру ұйымдастырылуы қажет екендігін айтты.

Шешім 1.1: 2025-2026 оқу жылының I-семестрінде қысқы сессияда емтихан қабылданатын пәндердің емтихан сұрақтары, жоба тақырыптары бекітілсін және емтихан жобасын орындау бойынша білім алушыларды әдістемелік нұсқаулықпен қамтамасыз ету және тұрақты кеңестер беру ұйымдастырылсын.

Екінші мәселе бойынша сөз алған декан орынбасары Ж.Калимбетова: Түлектерді қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің

бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына және білім беру ұйымының ішкі академиялық саясаттарына сәйкес жүзеге асырылады. Қорытынды аттестаттауға жіберу үшін түлек төмендегі жалпы талаптарға сай болуы тиіс: Оқу жоспары мен білім беру бағдарламасындағы барлық теоретикалық пәндер, оқу және өндірістік практикалар толық көлемде меңгеріліп, оң бағаға қорғалған болуы; Аралық бақылаулар, семестрлік емтихандар, рейтингтік бағалау нәтижелері «қанағаттанарлық» және одан жоғары деңгейде болуы және академиялық қарызы болмауы; Академиялық бақылау (GPA) белгіленген ең төмен шекті деңгейден төмен болмауы (ЖОО бекіткен нормативке сай); Қорытынды аттестаттаудың формасына қарай қорытынды мемлекеттік емтиханға немесе дипломдық/магистрлік жұмысты (жобаны) қорғауға толық дайын болуы; Академиялық адалдық қағидаларын сақтауы (плагиат, көшіру, ғылыми этика бұзушылықтары болмауы); Қажет болған жағдайда – ғылыми жетекшінің оң рецензиясы және сыртқы сарапшылар пікірі ұсынылуы қажеттігін атап өтті.

Шешім 2.1: Түлектерді қорытынды аттестаттауға қойылатын жалпы талаптардың сақталуы құжаттарды рәсімдеуде назарға алысын..

Үшінші мәселе бойынша кафедра меңгерушісі доцент м.а. З.Қ.Абдикулова: Инженерия және инженерлік іс даярлау бағыты бойынша 6В07153-Электр энергетикасы, 6В07154-Автоматтандыру және басқару, 6В07189-Машина жасау, 7М07130-«Электр энергетикасы» және 7М07158-Автоматтандыру және басқару ББҚР БҒМ Реестріне тіркелген. Қазіргі таңда ББ жаңарту мәселесі бойынша жұмыс тобы құрылып, іс-шаралар, жоспарлар жасалуда. Жоспарда білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету, білім беру бағдарламаларын әзірлеу және бекіту, оқу ресурстары және студенттерді қолдау бойынша жұмыстар жасалып отыр.

Келесі сөз кезегін алған Компьютерлік инженерия кафедрасының меңгерушісі PhD, аға оқытушы А.Н.Аманов: Биылғы жылы жасанды интеллект бағытында білім беру бағдарламасына алғаш білім алушылар қабылданды. Білім беру бағдарламаларының білім алушыларына оқыту үдерісін іске асыруда тәжірибе алмасу белсенді жүріп отырады. Оқыту үрдісінде қолданылған дәстүрлі әдіс-тәсілдер мен жаңа технологиялардың әлсіз және тиімді тұстары баса көрсетіліп, талқыланып отырады. Кафедрадағы жұмыстар оқу үдерісін оңтайландыруға, белсенділікті арттыруға, әдістемелік қамтамасыз етілуін жақсартуға бағытталған. ББ іске асыруды одан әрі жандандыру үшін әрі қарай да жұмыстар жасалуы тиіс, кем тұстары жетілдірілуі тиіс.

Шешім 3.1. 2025-2026 оқу жылында ҚР БҒМ Реестріне тіркелген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының іске асырылуы туралы ақпарат назарға алынсын.

Төртінші мәселе бойынша сөз алған факультет деканы Нажи Генч мырза «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2024» байқауына қатысуға Компьютерлік инженерия кафедрасынан қауымдастырылған профессор Г.Қазбековадан, доцент м.а.а А.О.Алиевадан, PhD, аға оқытушы А.Амановтан өтініш келіп түскендігін айтты. Мәжіліс мүшелеріне үміткерлердің ғылыми еңбектерін қысқаша таныстырып өтті және үміткерлердің «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2025» байқауының университет деңгейіндегі кезеңіне қатысарына қолдау білдіруді ұсынды. Мәжіліс мүшелері бірауыздан қолдап дауыс берді.

Шешім 4.1: «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2025» байқауына келесі үміткерлер ұсынылсын:

1. техн.ф.к., қауымдастырылған профессор Қазбекова
2. п.ф.к., доцент м.а. А.О.Алиева
3. PhD, аға оқытушы А.Аманов

Бесінші мәселе бойынша факультеттің Ғылыми іргелі және қолданбалы жобаларды, коммерцияландыру жөніндегі жобаларды, жоғары білім беру саласындағы инновациялық және стартап жобаларды әзірлеу және сүйемелдеу жұмыстары тәжірибелі ғалымдар тарапынан жүргізілетіндігін Ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары А.Ағабекова атап өтті. Сонымен қатар, қазіргі кезде факультетті 1 гранттық жоба және 1 бағдарламалық нысаналы жоба 2025-2027 жылдарға арналған ҚР ҒжЖБМ ҒК конкурсынан оң шешім алғандығына тоқталды.

Шешім 5.1: Ғылыми іргелі және қолданбалы жобаларды, коммерцияландыру жөніндегі жобаларды, жоғары білім беру саласындағы инновациялық және стартап жобаларды әзірлеу және сүйемелдеу жұмыстары жүйелі жүргізілсін

Алтыншы мәселе бойынша сөз алған Г.Ниязова: Нормативтік құқықтық актілерді, оның ішінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу бойынша кафедраларда жүйелі жұмыс жүргізілетіндігін атап өтті.

Сонымен қатар, сөз алған З.Абдикулова: қазіргі кезде кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын (классификаторды) жетілдіру үшін цифрлық педагогика, жасанды интеллект, киберқауіпсіздік, биоинженерия, жасыл энергетика, XR/AR/VR технологиялар сынды жаңа бағыттарды қосу, пәндер құрылымын оңтайландырып, таңдау компонентінің үлесін арттыру маңызды екендігін атап өтті.

Шешім 6.1 Нормативтік-құқықтық актілерді, кадрлар даярлау бағыттары сыныптауышын және МЖМБС-тарды жетілдіру бойынша ұсыныстар назарға алынсын.

Әр түрлі мәселелер бойынша сөз алған декан орынбасары Ж.Калимбетова: 2025-2026 оқу жылына қабылданған магистранттар мен докторанттардың диссертация тақырыптарын таныстырып, бекітуге ұсыныс беру қажеттігін айтты. Сонымен қатар, 28.08.2025ж. күнгі №1 Сенат мәжілісінде бекітілген Академиялық күнтізбеге сәйкес Инженерия факультетіне қарасты 2024-2025 оқу жылында білімін аяқтай алмаған студенттерді қорытынды аттестаттау нысаны туралы ұсыныспен таныстырды. Ұсынысқа сәйкес қорытынды аттестаттау нысаны дипломдық жоба түрінде белгіленген.

Мәжіліс мүшелері ұсыныстарды бірауыздан қолдап дауыс берді.

Шешім 7.1

а) 2025-2026 оқу жылына қабылданған магистранттар мен докторанттардың диссертация тақырыптары бекітуге ұсынылсын.

б) 2025-2026 оқу жылына 28.08.2025ж. күнгі №1 Сенат мәжілісінде бекітілген Академиялық күнтізбеге сәйкес Инженерия факультетіне қарасты 2024-2025 оқу жылында білімін аяқтай алмаған студенттерді қорытынды аттестаттау нысанын төмендегі кестеге сәйкес бекітуге ұсынылсын:

№	ББ шифрі, атауы	Студент саны	Қорытынды аттестаттау нысаны	Жауапты кафедра
1.	6В07153-Электр энергетикасы	3	Дипломдық жоба	Электр инженериясы кафедрасы
2.	6В07154-Автоматтандыру және басқару	1		

Факультеттің Оқу-әдістемелік
комитет төрағасы



Г. Ж.Ниязова

Хатшы



О.Д.Меирбекова